

2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 27 наурыздағы N 3385 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 05 сәуірде N 10-1-207 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 03 қаңтардағы N 5310 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2013.01.03 N 5310 Қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Қазақстан Республикасының Заңының 31 бабының 1 тармағының 8) тармақшасына, "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы N 561-IV Қазақстан Республикасының Заңының 27 бабына, "Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы N 274 Жарлығына сәйкес, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қызылорда қаласындағы әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатылуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімдерін өткермеген азаматтар 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақырылсын.

2. Қалалық шақыру комиссиясының құрамы осы қаулының 1- қосымшасына сәйкес құрылсын.

3. Азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру жүргізілу кестесі осы қаулының 2- қосымшасына сәйкес бекітілсін.

4. Облыстық денсаулық сақтау басқармасына (С.Игенбаев, келісім бойынша) ұсынылсын:

1) шақырылғандарды медициналық куәландыруды ұйымдастыру және өткізу үшін білікті дәрігер-мамандар бөлуге;

2) медициналық комиссияны қажетті медикаменттермен және медициналық құралдармен қамтамасыз ету.

5. "Қалалық ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Ә.Шаймағамбетов, келісім бойынша) әскери қызметке шақырудан жалтарған адамдарды жеткізуді, сондай-ақ әскерге шақырушылардың әскери бөлімдерге жөнелтуі және кетуі кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету үшін полиция қызметкерлерін бөлу ұсынылсын.

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімінің орынбасары Ж. Шынтасовқа жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ А Л А Ә К І М І Н І Ñ
М І Н Д Е Т І Н А Т Қ А Р У Ш Ы А. А Қ Ж І Г Т О В

" К е л і с і л д і "
Қызылорда қалалық Ішкі істер
басқармасының бастығы
Шаймағамбетов Әмірбек Бердібекұлы

"27" наурыз 2012 жыл

" К е л і с і л д і "
Қызылорда қаласының қорғаныс
істері жөніндегі басқарма бастығы
Шамшираков Сейтек Мирасбекович

"27" наурыз 2012 жыл

" К е л і с і л д і "
Қызылорда облысының Денсаулық
сақтау басқармасының бастығы
Игембаев Серік Қуандықұлы

"27" наурыз 2012 жыл

2012 жылғы "27" наурыз N 3385
Қызылорда қаласы әкімдігінің
қаулысына 1 қосымшасы

	Медициналық талдаудан өтетін заматтардың саны	Барлы-ғы	Ж е л т о қ с а н												
			3	4	5	6	7	10	11	12	13	14	19-31		
1	а/о Тасбөгет Қ - О р д а 4-емхана	250													
2	а/о Акжарма Қ-Орда 4-емхана	150													
3	а/о Кызылжарма Қ - О р д а 2-емхана	120													
4	а/о Белкол Қ-Орда Темір-жол емханасы	40													
5	а/о Ақсуат Қ-Орда 2-емхана	40													
6	а/о Қарауылтөбе Қ - О р д а 6-емхана	30													
7	а/о Қызылөзек Қ-Орда 2-емхана	40													
8	а/о Талсуат Қ-Орда 2-емхана	40													
9	а/о Қосшыңырау Қ - О р д а 6-емхана	30													
10	Қалалық емханалардан	760													